

Қазақстан Республикасында өнімдердің және тауарлардың экспорты мен импортты бойынша есепке алуды және есеп беруді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 23 қыркүйек 1993 ж. N 935. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандығы N 124 қаулысымен

Лицензияланған өнімдер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және оның аумағына әкелуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, республикадағы сыртқы экономикалық қызмет пен валюталық операциялар бойынша мемлекеттік есеп берудің есепке алыну толықтығын қамтамасыз ету мақсатында Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемстаткомына 1993 жылғы 1 қыркүйектен бастап мыналарды белгілеп, енгізу тапсырылсын:

N 1 нысан бойынша айлық жедел мемлекеттік есеп беру - ресурстар (халық тұтынатын тауарлар) - мұны меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан кез келген тауарлар мен шикізат түрлерін өндіруді (дайындауды), республикаға әкелуді жүзеге асыратын барлық кәсіпорындар мен ұйымдар (ауыл шаруашылығы, өткізуши, көтерме-өткізуши, көтерме бөлшек сауда, бөлшек сауда, тоқазытқыштар, тұтыну коопeraçãoсы ұйымдарын қоса) тағыс етуге міндетті;

Н 1-әкету және N 1 әкелу нысандары бойынша тоқсандық мемлекеттік есеп беру өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің негізгі түрлерін, шикізат пен материалдарды өндіретін, әкететін, сондай-ақ республикаға әкелетін бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін.

Есеп берулер Қазақстан Республикасының ТМД мемлекеттерімен экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы туралы үкіметаралық келісімге енгізілген өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім түрлері бойынша түзіледі.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемстаткомы экспорт-импорт операциялары бойынша жүкке кеден декларациясын бастапқы есептеу мен әзірлеуді ұйымдастыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемстаткомы Ұлттық банкпен бірлесіп валюта түсімінің көздері мен оны пайдаланудың бағыттарын айқындан отырып, мемлекеттік есеп берудің N 1-валюта "Валюталық қаражаттың қозғалысы туралы есеп беру" атты белгіленген нысаны бойынша республикадағы валюталық

қаражаттың түсімі мен жұмсалуы туралы есеп берудің жиналудың үйымдастырысын және қамтамасыз етсін. Мемлекеттік есеп берудің аталған нысаны Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және валюталық операциялар жүргізу құқын иеленген меншіктің барлық нысандарындағы банк мекемелерінің (коммерциялық пен жекелерін қоса), сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын барлық кәсіпорындардың, үйымдардың, мекемелердің, меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, (соның ішінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі - жиынтық түрінде), Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облыстық (қалалық) басқармалары мен статистика және талдау жөніндегі облыстық (қалалық) басқармаларға міндетті табыс етуіне жатады.

4. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын барлық сыртқы экономикалық бірлестіктер, ассоциациялар, концерндер, кәсіпорындар және басқа үйымдар, меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан, өздері орналасқан жер бойынша статистикалық органға N 1 - СЭБ "Тауар экспорты (импорты) туралы есеп беру" атты нысан бойынша ай сайын жедел мемлекеттік есеп берулер табыс етеді деп белгіленсін.

5. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын және Қазақстаннан тыс жерлерде валюталық шоты бар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сыртқы экономикалық бірлестіктер, ассоциациялар, концерндер, кәсіпорындар және басқа үйымдар, меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан, осындаш шоттардағы валюталық қаражаттың мөлшері мен қозғалысына N 1 валюта нысаны бойынша тоқсанына бір рет декларациялауға міндетті.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі республиканың Мемстаткомымен келісе отырып, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен халық тұтынатын тауарларды ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен үйымдардың әкелуі мен әкетуі жөніндегі ведомстволық статистикалық есеп беруді белгілесін, олардың қорытындысы жиынтық түрінде және белгіленген номенклатура бойынша Қазақстан Республикасының Мемстаткомына облыстардың және Ленинск қалаларының ауқымында тоқсан сайын (1993 жылғы III тоқсаннан бастап) табыс етілуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті кәсіпорындар мен үйымдар табыс еткен сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі мемлекеттік есеп берулердің толықтығы мен дұрыстығын тексеруді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемстаткомы:

сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі статистикалық мәлімет талдауларының алынуы мен өзірленуін және оның тиісті сатыға табыс етілуін қамтамасыз ететін болсын;

сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі бастапқы есептеу мен есеп берудің толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етуге тұрақты бақылау белгілесін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Мемстаткомының құрамында сыртқы экономикалық қызмет статистикасы және талдау басқармасын құру мақсатында 1993 жылы орталық аппараттың штат санын 10 адамға және тиісінше шығыс сметасын ұлғайтыс;

1993 жылы және одан кейінгі жылдары статистикалық жұмыстардың регламенті бойынша республикалық бюджеттен қаржыландырудың көлемін айқындаған кезде республика статистика органдарының өнімдер мен тауарларды әкелу мен әкету, кеден статистикасы, сондай-ақ валюта үшін көрсетілетін қызметтер жөніндегі қосымша есептеулер мен статистика ұйымдастыруға және жүргізуге арналған қаржы мұқтажын ескеретін болсын.

10. Қазақстан Республикасының Мемстаткомы әрбір жарты жылдың қорытындысы бойынша есептеу мен есеп берудің жай-күйіне, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына талдау жүргізсін және талдап қорытылған ақпаратты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі